

«Үлкен бестік» сауалнамасы

Нұсқау: Алдарыңызда 75 бір-біріне қайшы мағыналы сөйлемдер берілген. Әр сөйлемде түрлі өмірлік жағдайда көрініс алатын тұлға қасиеттері мен іс-әрекет ерекшеліктері сипатталған. Дұрыс немесе бұрыс жауабы жоқ, және де «жақсы» немесе «жаман» қасиеттер болмайды.

Барлық сөйлемдер -2 мен 2 аралығындағы өлшеммен берілген. Алғашғысөлемдегі екі жақты сипаттаманы оқып, өзіңізге қайсысы көбірек тән екенін анықтаңыз. Егер сол жақтағы сөйлем тұлға қасиеттеріңізге жақынырақ көрінсе, соған жақын орналасқан -2 мен -1 баллды қаншалықты жақын екендігіне қарай таңдайсыз. Мысалы, «Маған дене шынықтырумен айналысқан ұнайды» сөйлемі сізге жақынырақ болса, «қатты ұнайды» деген баға -2, «жалпы ұнайды» деген баға -1 баллымен белгіленеді. Егер оң жақтағы сөйлемді таңдасаңыз, 1 және 2 аралығында балл қоясыз. Бір жолда орналасқан екі қайшылықты сөйлемдер арасынан біреуін таңдап, баға бере аласыз. Ортада орналасқан 0 бағасы ешбір қасиет сізге тән емес, немесе ол қасиеттерге ешбір баға бере алмасаңыз қолданылады. Өз-өзіңізбен шынайылық таныта білсеңіз, тұлғаңыздың шынайы келбетін анықтай аласыз. Әр сөйлемді мұқият оқып, алғашқы ойыңызға келгенжауапты таңдаңыз!

1	Маған дене шынықтырумен айналысқан ұнайды	-2	-1	0	1	2	Мен физикалық ауыртпалықтарды ұнатпаймын
2	Мені адамдар жауапты және мейірімді деп санайды	-2	-1	0	1	2	Кейбір адамдар мені суық және дөрекі деп есептейді
3	Мен барлық істе тазалық пен тәртіпті бағалаймын	-2	-1	0	1	2	Кейде өзіме салақ болуға рұқсат беремін
4	Мені «бір нәрсе болуы мүмкін»,- деген ой жиі мазалайды	-2	-1	0	1	2	«Өмірдегі ұсақ-түйек заттар» мені қатты алаңдатпайды
5	Барлық жаңалықтар менде қызығушылық тудырады	-2	-1	0	1	2	Жаңалықтар менде наразылық сезімін жиі тудырады
6	Егер мен бос отырсам, мен алаңдай бастаймын	-2	-1	0	1	2	Мен сабырлы адаммын және мазасыздықта ұнатпаймын

7	Мен барлық адамдарға достық ниет танытуға тырысамын	-2	-1	0	1	2	Мен барлығына ұдайы достық ниет таныта бермеймін
8	Менің бөлмем әрқашан ұқыпты тазаланған	-2	-1	0	1	2	Мен тазалық пен тәртіпті сақтауға тырыспаймын
9	Кейде мен болмашы затқа ренжіп қаламын	-2	-1	0	1	2	Мен болмашы мәселелерге мән бермеймін
10	Маған күтпеген жағдайлар ұнайды	-2	-1	0	1	2	Оқиғалардың болжамды болғанын жақсы көремін
11	Мен ұзақ уақыт қимылсыз отыра алмаймын	-2	-1	0	1	2	Мен жылдам өмір салтын ұнатпаймын
12	Мен басқа адамдарға әдептілік танытамын	-2	-1	0	1	2	Кейде әзіл-қалжыңмен басқалардың намысына тиемін
13	Мен барлық істе жүйелілік пен ұқыптылық танытамын	-2	-1	0	1	2	Мен өте міндетті адам емеспін
14	Менің сезімдерімді жаралау оңай	-2	-1	0	1	2	Мен урейге салынып әр нәрседен қорқа бермеймін.
15	Жауап алдын-ала белгілі болса, маған қызық емес	-2	-1	0	1	2	Мен өзіме түсініксіз заттарға қызықпаймын
16	Өзгелер менің бұйрықтарымды жылдам орындағандарын ұнатамын	-2	-1	0	1	2	Мен басқалардың бұйрығын асықпай орындаймын

17	Мен ымыраға көнгіш және икемшіл адаммын	-2	-1	0	1	2	Мен басқалармен сөз таластырғанды ұнатамын
18	Мен қиын мәселені шешуде табандылық танытамын	-2	-1	0	1	2	Мен табанды адам емеспін
19	Қиын жағдайға мен кернеуден қысылып қаламын	-2	-1	0	1	2	Мен кез келген жағдайда өзімді еркін ұстаймын
20	Менің қиялым өте бейнелі	-2	-1	0	1	2	Мен әрқашан өмірге шынайы көзбен қараймын
21	Маған жиі бастаманы қолға алып, көшбасшы болуға тура келеді	-2	-1	0	1	2	Мен көшбасшы болғанға қарағанда орындаушымын
22	Мен әрқашан басқа адамдардың қиындақтарын бөлісіп, көмек көрсетуге дайынмын	-2	-1	0	1	2	Әр адам өзіне өзі қамқорлық жасай білуі керек
23	Мен барлық істе өте ынталы адаммын	-2	-1	0	1	2	Мен жұмыста көп ынта танытпаймын
24	Менде жиі суық тер шығып, қолдарым дірілдейді	-2	-1	0	1	2	Менде дене дірілдейтіндей қиындық сирек болған
25	Маған армандаған ұнайды	-2	-1	0	1	2	Мен сирек қиялдаймын
26	Мен билік етіп, басқаларға бұйрық беретін жағдайлар жиі кездеседі	-2	-1	0	1	2	Көп жағдайда басшылықты басқа адам қолға алғанын қалаймын
27	Мен бәсекелескенге қарағанда, басқаларменынтымақтасқанды артық көремін	-2	-1	0	1	2	Бәсеке болмаса, қоғамда даму болмас еді
28	Мен жұмысқа тиянақты және байсалды қараймын	-2	-1	0	1	2	Мен жұмыста қосымша міндеттер алмауға тырысамын
29	Өзге ортада мен жиі қобалжимын	-2	-1	0	1	2	Жаңа ортаға тез үйренемін

30	Кейде мен терең ойға батамын	-2	-1	0	1	2	Мен уақытымды ойлануға жібергенді ұнатпаймын
31	Мен бейтаныс адамдармен сөйлескенді ұнатамын	-2	-1	0	1	2	Мен көпшіл адам емеспін
32	Адамдардың басым көпшілігі табиғатынан мейірімді	-2	-1	0	1	2	Менің ойымша, кейбір адамдарды өмір қатігез етеді
33	Маған адамдар жауапты істерді жиі сеніп тапсырады	-2	-1	0	1	2	Кейбіреулер мені жауапкершілігі төмен деп ойлайды
34	Кейде өзімді жалғыз, жабырқаулы сезінемін, ілгері басқан аяғым кері кетеді	-2	-1	0	1	2	Жиі бірдеңе жасай отырып, мен бәрін ұмытып, елігіп кетемін
35	Мен сұлулық пен сәнділіктің не екенін жақсы білемін	-2	-1	0	1	2	Менің сұлулық туралы көзқарасым өзгелердікімен бірдей
36	Маған жаңа достар мен таныстарды тапқан ұнайды	-2	-1	0	1	2	Мен тек бірнеше сенімді достарым болғанын қалаймын
37	Мен сөйлесетін адамдар, әдетте, маған ұнайды	-2	-1	0	1	2	Менде өзім ұнатпайтын адамдар бар
38	Мен жұмыста талап қойғыш және қаталмын	-2	-1	0	1	2	Мен кей кезде өз міндеттерімді ескермеймін
39	Мен қатты абыржыған кезде, көңілімді ауыр зіл басады	-2	-1	0	1	2	Менде көңілсіз күй өте сирек болады
40	Музыка мені уақытты сезінуді жоғалтқандай етіп баурауға қабілетті	-2	-1	0	1	2	Драмалық өнер және балет маған қызықсыз көрінеді
41	Маған үлкен және көңілді ортада жүрген ұнайды	-2	-1	0	1	2	Мен уақытты жалғыз өткізгенді артық көремін

42	Адамдардың көпшілігі адал және оларға сенуге болады	-2	-1	0	1	2	Кейде мен басқа адамдарға күдікпен қараймын
43	Мен әдетте жұмысты адал атқарамын	-2	-1	0	1	2	Адамдар менің жұмысымда жиі қателіктер табады
44	Мен депрессияға тез батамын	-2	-1	0	1	2	Менің көңіл-күйімді бұзу мүмкін емес
45	Нағыз өнер туындысы мені тәнті етеді	-2	-1	0	1	2	Нағыз өнер туындысының кемелдігіне сирек тәнті боламын
46	Спорттық жарыстарда жанкүйер болсам, мен барлығын ұмытып кетемін	-2	-1	0	1	2	Қауіпті спорт түрімен айналысатын адамдарды түсінбеймін
47	Мен адамдармен қарым-қатынаста сезімтал болуға тырысамын	-2	-1	0	1	2	Кейде өзге адамдардың қызығушылықтарында ісім болмайды
48	Жасайын деген іске ойланбай кірісу менде сирек болады	-2	-1	0	1	2	Шешімді тез қабылдағанды ұнатамын
49	Менің әлсіз тұстарым мен кемшіліктерім көп	-2	-1	0	1	2	Мен өз-өзімді жоғары бағалаймын
50	Өзімнің ішкі көңіл-күйімді жақсы түсінемін	-2	-1	0	1	2	Менің ойымша, басқа адамдардың сезімталдығы маған қарағанда төмен
51	Мен қауіп туралы белгілерді жиі елемеймін	-2	-1	0	1	2	Мен қауіпті жағдайлардан аулақ болуға тырысамын

52	Басқалардың қуанышын өзімдей бөлісемін	-2	-1	0	1	2	Басқа адамдардың сезімдеріне әрдайым ортақ болмаймын
53	Мен әдетте өзімнің тілек-сезімдерімді қадағалай аламын	-2	-1	0	1	2	Маған өз қалауларымды басқару қиын
54	Егер мен сәтсіздікке ұшырасам, әдетте өзімді кінәлаймын	-2	-1	0	1	2	Маған сәттілік жиі кездеседі және маған қарсы жағдайлар сирек болады
55	Сезімдер менің өмірімді мазмұнды ететініне сенемін	-2	-1	0	1	2	Мен өзімнің және өзгелердің сезімдеріне сирек мән беремін
56	Маған карнавалдар мен демонстрациялар ұнайды	-2	-1	0	1	2	Маған көпшілік жерлерде болған ұнамайды
57	Біреуді түсіну үшін, өзімді сол адамның орнына қоюға тырысамын	-2	-1	0	1	2	Басқа адамдардың сезімдерінің барлық қыр-сырын түсінуге тырыспаймын
58	Дүкенде сатып алатын затты ұзақ таңдаймын	-2	-1	0	1	2	Кейде заттарды импульсивті түрде сатып аламын
59	Кейде өзімді бейшара адам сезінемін	-2	-1	0	1	2	Әдетте өзімді керек адам сезінемін
60	Ойдан шығарылған кейіпкердің сезімдеріне оңай кіріп кетемін	-2	-1	0	1	2	Кино кейіпкерінің қызықты оқиғалары менің көңіл-күйімді өзгерте алмайды
61	Маған көңіл аударған кезде, өзімді бақытты сезінемін	-2	-1	0	1	2	Мен қарапайым адаммын және адамдар арасынан ерекшеленбеуге тырысамын
62	Әрбір адамда оны құрметтеуге тұрарлық қасиеті бар	-2	-1	0	1	2	Мен әлі құрметке лайық адамды кездестірмедім

63	Іске кірісер алдында мен, әдетте жақсылап ойланамын	-2	-1	0	1	2	Мен өз іс-әрекетімнің нәтижелерін алдын-ала ойлауды ұнатпаймын
64	Менің көңіл-күйім жиі ауытқып тұрады	-2	-1	0	1	2	Әдетте менің көңіл-күйім бірқалыпты
65	Кейде өзімді өзгелерді мазақ ететін фокусник сезінемін	-2	-1	0	1	2	Мені адамдар жиі қызықсыз бірақ сенімді адам деп атайды
66	Мен қарсы жыныстағы адамдарға тартымдымын	-2	-1	0	1	2	Кейбіреулер мені қарапайым және қызықсық деп есептейді
67	Мен әрдайым әрқайсысымен мейірімді және ұқыпты болуға тырысамын	-2	-1	0	1	2	Кейбіреулер мені менменшіл және өзімшіл адам деп ойлайды
68	Саяхат алдында нақты жоспарымды жоспарлап отырамын	-2	-1	0	1	2	Адамдар неге осылай егжей-тегжейлі жоспар құратынын түсінбеймін
69	Менің көңіл-күйім тез ауысады	-2	-1	0	1	2	Мен әрдайым сабырлы және байсалдымын
70	Менің ойымша, өмір бұл - құмар ойын	-2	-1	0	1	2	Өмір – бұл келер ұрпаққа берілетін тәжірибе
71	Маған тартымды болып көрінген ұнайды	-2	-1	0	1	2	Мен әдетте мінез-құлықпен және сәнді киіммен қоғамда ерекшеленбеймін
72	Біреулер жан-жағымдағыларға мейірімді екенімді айтады	-2	-1	0	1	2	Мені өз жетістіктерімен жиі мақтанады деп айтады

73	Мен өз жұмысымды нақты және жүйелі орындаймын	-2	-1	0	1	2	Мен өз түйсігіме сеніп, ағыммен жүргенді ұнатамын
74	Кейде мен сондай толқып кетемін, тіпті жылаймын	-2	-1	0	1	2	Менің зығарданымды қайнату қиын
75	Кейде мен өзімде жаңа бір қасиет аша алатынымды сеземін	-2	-1	0	1	2	Өзімде ештеңені өзгерткім келмейді

Нәтижесін есептеу:

1. Алғашқы баллдар -2-1 0 1 2 келесі баллдарға ауысады 5 4 3 2 1.

Бағалау шкаласы

	-2	-1	0	1	2
Балл	5	4	3	2	1

Жауаптар бланкі

I		II		III		IV		V	
1.		2.		3.		4.		5.	
6.		7.		8.		9.		10.	
11.		12.		13.		14.		15.	
1.1 =		2.1 =		3.1 =		4.1 =		5.1 =	
16.		17.		18.		19.		20.	
21.		22.		23.		24.		25.	
26.		27.		28.		29.		30.	
1.2 =		2.2 =		3.2 =		4.2 =		5.2 =	
31.		32.		33.		34.		35.	
36.		37.		38.		39.		40.	
41.		42.		43.		44.		45.	

1.3 =	2.3 =	3.3 =	4.3 =	5.3 =
46.	47.	48.	49.	50.
51.	52.	53.	54.	55.
56.	57.	58.	59.	60.
1.4 =	2.4 =	3.4 =	4.4 =	5.4 =
61.	62.	63.	64.	65.
66.	67.	68.	69.	70.
71.	72.	73.	74.	75.
1.5 =	2.5 =	3.5 =	4.5 =	5.5 =

Жоғарыдан төмен қарай баллдар санын қосып, есептеңіз.

I фактор: Экстраверсия-интроверсия

II (Ақкөңілділік- оғаштық);

III (Адалдық - табиғи);

IV (Нейротизм–эмоционалды тұрақтылық);

V (Тәжірибеге ашықтық -консервативтілік).

Жиналған балл санының ең төмені – 15, ең жоғарғысы – 75.

51-75 балл - жоғары көрсеткіш (мысалы, I фактор үшін экстраверт)

41-50 балл– орташа көрсеткіш (мысалы, I фактор үшін амбиверт)

15-40 балл– төмен көрсеткіш (мысалы, I фактор үшін интроверт).